

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары туралы ақпарат

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және олардың шығыстарын өтеу тәртібі мен ережелері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және олардың шығыстарын өтеу қағидасымен белгіленген.

Ірі акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын атқарушы орган басшылары осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Тәуелсіз директорларға олармен жасалған шарттар негізінде мынадай сыйақылар төленеді:

жылына 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары мөлшерінде тұрақты сыйақы;

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бас қосқан отырыстарына қатысқаны үшін 1000 (бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы;

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тәуелсіз директорлардың тұрақты тұру орнынан тыс жерлерде өткізілген отырыстарына баруымен байланысты шығыстарын (жол жүру, қонақ үйде тұру, тәуліктік) өтейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларға олармен жасалған шарттармен және аталған Қағидамен көзделмеген өзге төлемдер жасамайды.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мына ережелерді орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін Компанияның мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, адал орындау;

- шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасын және Компания Жарғысын басшылыққа алу;

- сырқаттануды, демалысты, іссапарларды қоспағанда Компания Директорлар кеңесінің бас қосқан отырыстарына қатысу және барлық сырттай отырысына қатысу.